



БҰЙРЫҚ

2018 ж. 8 қазан № 01-01/42

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

**Қазақстанда «Бейбітшілік» бағыты
бойынша 2030 жылға дейін Орнықты
даму мақсаттарын енгізу және іске асыру
жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобы туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Б.Ә. Сағынтаевтың 2018 жылғы 15 тамыздағы № 20-11/2685 қарарын орындау үшін және Қазақстанда Орнықты даму мақсаттарын ұлттық ілгерілету тетіктерін іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстанда «Бейбітшілік» бағыты бойынша 2030 жылға дейін орнықты даму мақсаттарын енгізу және іске асыру жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобы (бұдан әрі - ведомствоаралық жұмыс тобы) құрылсын.

2. Қоса берілген:

1) Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес ведомствоаралық жұмыс тобының құрамы;

2) Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес ведомствоаралық жұмыс тобы туралы ереже бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму вице-министрі С. А. Коноваловқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



Д. Кәлетаев

Қазақстанда «Бейбітшілік» бағыты бойынша 2030 жылға дейін Орнықты даму мақсаттарын енгізу және іске асыру жөнінде ведомствоаралық жұмыс тобының құрамы

Мемлекеттік мекемелерден

- | | | |
|----|-------------------------------------|---|
| 1. | Кәлетаев
Дархан Аманұлы | - Қазақстан Республикасының қоғамдық даму министрі, «Бейбітшілік» бағыты бойынша Ұлттық үйлестіруші, төраға |
| 2. | Коновалов
Сергей Алексеевич | - Қазақстан Республикасының қоғамдық даму вице-министрі, төраға орынбасары |
| 3. | Порубаймех
Василий Валерьевич | - Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігі Талдау және стратегиялық жоспарлау департаментінің директоры, ведомствоаралық жұмыс тобының хатшысы |
| 4. | Бектенов
Олжас Абайұлы | - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігі төрағасының орынбасары, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша) |
| 5. | Жүнісбекова
Мәдина Серікқызы | - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика Вице-министрі, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша) |
| 6. | Сүлейменов
Жанат Қуанышұлы | - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша) |
| 7. | Мейірманқұлов
Нұрхан Мейірханұлы | - «Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының жанындағы |

Соттардың қызметін
қамтамасыз ету Департаменті
(Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Соты аппараты)» ММ-нің
Талдау және жоспарлау
бөлімінің меңгерушісі, жұмыс
тобының мүшесі (келісім бойынша)

8. Орынханов
Қайрат Кәкімұлы

- Қазақстан Республикасы Ұлттық
экономика министрлігінің Статистика
комитеті төрағасының орынбасары,
жұмыс тобының мүшесі (келісім
бойынша)

9. Сәкенов
Қайыргелді
Ануарбекұлы

- Бас прокуратураның Қоғамдық
мүдделерді қорғау қызметі бастығының
орынбасары, жұмыс тобының мүшесі
(келісім бойынша)

10. Ярошенко
Виталий Владимирович

- Қазақстан Республикасы Ақпарат және
коммуникациялар министрлігінің
Телекоммуникациялар комитеті
төрағасының орынбасары, жұмыс
тобының мүшесі (келісім бойынша)

11. Садиева
Сабина Сұлтанғалиқызы

- «Экономикалық зерттеулер институты»
АҚ мемлекеттік органдарының
тиімділігін бағалау орталығының
директоры, жұмыс тобының мүшесі
(келісім бойынша)

12. Тасбауова Әсел
Қайратқызы

«Экономикалық зерттеулер институты»
АҚ Стратегиялық әзірлеу
орталығының жетекші сарапшысы,
жұмыс тобының мүшесі (келісім
бойынша)

Халықаралық ұйымдардан

13. Коенда
Рышард

- БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі
Жоғарғы комиссарының
басқармасының Орталық Азия
бойынша өңірлік өкілі, жұмыс тобының
мүшесі (келісім бойынша)

- | | |
|------------------------------|---|
| 14. Времиш
Виталий | - Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасы Тұрақты өкілінің орынбасары, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша) |
| 15. Емелин
Андрей | - USAID, мемлекеттік басқару саласының бағдарламалары бойынша маман, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша) |
| 16. Сокульский
Константин | - БҰҰДБ Басқару Кеңесінің бағдарламалық талдаушысы, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша) |

Коммерциялық емес сектордан

- | | |
|---|---|
| 17. Ақжанов Әбдікәрім
Арынұлы | - «Қазақстан заңгерлер одағы» РҚБ атқарушы директоры, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша) |
| 18. Зинович
Татьяна Сергеевна | - «Құқықтық саясатты зерттеу орталығы» қоғамдық қорының директоры, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша) |
| 19. Ким
Вера | - Халықаралық даму және қайта құру банкінің жастар корпусын дамыту жобасының жетекшісі, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша) |
| 20. Көшім
Досмаханбет
Қалмаханұлы | - «Ұлт тағдыры» Демократияны тарату орталығының төрағасы, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша) |
| 21. Қожахметов
Асылбек Базарбайұлы | - Қазақстан Азаматтық альянсының төрағасы, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша) |
| 22. Мектепбаева
Сәуле Қайыргелдіқызы | - Еуропалық Одақтың қылмыстық сот төрелігі жүйесін жетілдіру жөніндегі операциялық жоба жетекшісі, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша) |
| 23. Ошакбаев
Рахым Сәкенұлы | - «ТАЛАП» қолданбалы зерттеулер орталығының директоры, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша) |

- | | | | |
|-----|-----------------------------|-------|--|
| 24. | Шамбилов
Азамат Саматұлы | - | «Орталық Азиядағы халықаралық түрме реформасы» халықаралық қоғамдық бірлестігінің өкілдігі, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша) |
| 25. | Әділбаев
Сәкенұлы | Ілияс | Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросы филиалының директоры, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша) |

**Қазақстанда «Бейбітшілік» бағыты бойынша 2030 жылға дейін
Орнықты даму мақсаттарын енгізу және іске асыру жөніндегі
ведомствоаралық жұмыс тобы құрамының ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстанда «Бейбітшілік» бағыты бойынша 2030 жылға дейін Орнықты даму мақсаттарын (бұдан әрі – ОДМ) енгізу және іске асыру жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобы (бұдан әрі - ведомствоаралық жұмыс тобы) Қазақстанда «Бейбітшілік» бағыты бойынша 2030 жылға дейін ОДМ ұлттық тетігін ілгерілету мен іске асыруды үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Ведомствоаралық жұмыс тобының міндеттері

1. 2030 жылға дейінгі Қазақстандағы Орнықты даму мақсаттарын «Бейбітшілік» бағыты бойынша іске асыру, енгізу және қол жеткізу прогресін бағалау жөнінде шаралар кешенін әзірлеу Ведомствоаралық жұмыс тобының негізгі міндеті болып табылады.

ағымдағы ахуалды диагностикалау, ОДМ-ға қол жеткізу прогресін талдау, мониторингтеу және бағалау;

ОДМ-ның міндеттері мен көрсеткіштерін енгізу, бейімдеу және іске асыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

оларды одан әрі мониторингтеу үшін ОДМ-ның көрсеткіштер жүйесін қалыптастыруға қатысу;

мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына «Бейбітшілік» бағыты бойынша ОДМ-ның міндеттері мен көрсеткіштерін енгізу;

«Бейбітшілік» бағыты бойынша ОДМ көрсеткіштерінің бастапқы мәртебесін бағалау және 2030 жылға дейінгі болжамды мәндерін айқындау;

«Бейбітшілік» бағыты бойынша ОДМ іске асырылуы нәтижелерін ОДМ Үйлестіру кеңесінің қарауына енгізу (жылдық және жартыжылдық қорытындылары бойынша);

ОДМ бойынша Ұлттық ерікті шолуды дайындауға қатысу;

бекітілген орнықты даму мақсаттары бойынша ОДМ-ға қол жеткізудің іс-шаралар жоспарына ұсыныстар әзірлеу;

«Бейбітшілік» бағыты бойынша ОДМ-ға қол жеткізу үшін атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпаратты ОДМ-ның Үйлестіру кеңесінің жұмыс органына ұсыну;

ОДМ-ға қол жеткізу мақсаттарында өзге де шараны орындау болып табылады.

3. Жұмыс тобының құрамын қалыптастыру және өзгерту тәртібі

1. Ведомствоаралық жұмыс тобының құрамы мемлекеттік органдар, ғылыми-зерттеу және халықаралық ұйымдар өкілдерінен құралады және «Бейбітшілік» бағыты бойынша ОДМ ұлттық үйлестірушінің актісімен бекітіледі.

2. Ведомствоаралық жұмыс тобы басшыдан, оның орынбасарынан, хатшыдан және ведомствоаралық жұмыс тобының мүшелерінен құрылады.

3. Ведомствоаралық жұмыс тобының құрамына өзгерістер енгізу қажеттілігіне қарай жүргізіледі, бірақ бір жылда екі реттен жиі емес.

4. Ведомствоаралық жұмыс тобының жұмысын ұйымдастыруы

1. Ведомствоаралық жұмыс тобының отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі, бірақ кемінде тоқсанына бір реттен сирек емес.

2. Шешімдер ведомствоаралық жұмыс тобы отырыстарының хаттамасында көрсетіледі, олардың көшірмесі ведомствоаралық жұмыс тобының мүшелеріне ұсынылады.

Шешіммен келіспейтін ведомствоаралық жұмыс тобының мүшелері өз пікірін жазбаша түрде баяндап, оны хаттамаға қоса алады, ол міндетті түрде отырыс хаттамасына енгізіледі.

3. «Бейбітшілік» бағыты бойынша ұлттық үйлестіруші болып табылатын ведомствоаралық жұмыс тобының басшысы:

- 1) оның отырыстарында төрағалық етеді;
- 2) ведомствоаралық жұмыс тобы отырыстарының хаттамасына және басқа да құжаттарға қол қояды;
- 3) ведомствоаралық жұмыс тобы отырысының күн тәртібін бекітеді;
- 4) «Бейбітшілік» бағыты бойынша орнықты дамудың Үйлестіруші кеңесі шешімдерінің іске асырылуы жөнінде ведомствоаралық жұмыс тобының жұмысын жоспарлайды және жалпы қадағалайды;

5) Ведомствоаралық жұмыс тобының алдына қойылған «Бейбітшілік» бағыты бойынша міндеттердің іске асырылуына жауапкершілік алады.

4. Ведомствоаралық жұмыс тобы басшысының орынбасары:

- 1) басшы болмаған жағдайда ведомствоаралық жұмыс тобының отырыстарында төрағалық етеді;

2) ведомствоаралық жұмыс тобы отырысының күн тәртібін дайындауға, ведомствоаралық жұмыс тобының отырысына тартылатын адамдар құрамын қалыптастыруға қатысады;

3) ведомствоаралық жұмыс тобының жұмысын жоспарлауына және жалпы қадағалауына қатысады.

5. Ведомствоаралық жұмыс тобының хатшысы:

1) ведомствоаралық жұмыс тобының отырысын ұйымдастырады;

2) алдағы отырыстың күні мен уақыты туралы ведомствоаралық жұмыс тобының мүшелерін хабардар етеді;

3) ведомствоаралық жұмыс тобында талқылау үшін құжаттар мен шешімдердің жобаларын дайындайды және ведомствоаралық жұмыс тобының басшысымен келіседі;

4) отырыс хаттамаларын жүргізеді, рәсімдейді, сондай-ақ келесі отырыстың материалдарын ведомствоаралық жұмыс тобының мүшелеріне таратады;

6. Ведомствоаралық жұмыс тобының жұмысына шақырылғандар:

1) ведомствоаралық жұмыс тобының отырыстарына қатысады және өз пікірін айтуға құқықтары бар;

2) ведомствоаралық жұмыс тобының тапсырмасы бойынша қаралып отырған проблема бойынша өз пікірін айқындайтын жазбаша қорытындыларды, есептерді және өзге де құжаттарды дайындайды.

5. Қорытынды ережелер

Осы ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы Нұсқаулық» ережелеріне сәйкес шешіледі.
